



І.ЖАНСҮГРОВ:

Өз елі, өз ерлерін ескермесе,
Ел мегі алсын қайдан

кеменгерді.



КЕҢЕЙТІЛГЕН АЛҚА МӘЖІЛІСІ

Ауданның әлеуметтік - экономикалық дамуының 2023 жылғы қорытындысы қаралды.

Апта басында аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында кеңейтілген жиын өтті. Аудан басшысы Берік Тынышбаев төрағалық еткен жиынға аудан әкімінің орынбасарлары, мәслихат төрағасы, округ әкімдері мен бөлім, мекеме басшылары, аудандық мәслихат депутаттары, қоғамдық кеңес мүшелері, ардагерлер қатысты.

Ең алдымен аудан әкімінің орынбасары Амандос Ақшұлы ауданның әлеуметтік - экономикалық дамуының 2023 жылғы қорытындысын баяндады.

Жалпы алғанда, өткен жылда ауданда атқарылған бірқатар игі істер бар. Есепті баяндамада аудандық бюджет, салық, жұмыссыздық пен кедейшілік, білім, денсаулық, мәдениет және спорт, құқық бұзушылық жайында кеңінен сөз қозғалып, өткен жылы жіберілген олқылықтар жайы да айтылды. Алдағы жоспарлар нақтыланды.

Ауданда өткен жылы ауыл шаруашылығында атқарылған жұмыстар жайлы аудан әкімінің орынбасары Фазис Отарбайұлы баяндап, жасалған жұмыстар жайлы сөз қозғады.

Б.Сырттанов ауылдық округінің әкімі Сүлейменов Өділжан Бақытжанұлы мен Ақсу ауылдық

округінің әкімі Райымқұлов Ілияс Өлімұлы өткен жылы ауылдық округте атқарған жұмыстары туралы баяндады.

Келесі мәселе, 2024 жылға су тасқыны қауіпті кезеңіне дайындық жөніндегі іс - шаралар жоспарының орындалу барысы туралы аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы Кеңесов Ернар Серікұлы баяндап, тиісті сұрақтарға жауап берді.

Аудан әкімдігінің алқа мәжілісінде өзге де өзекті мәселелер қаралып, тиісті қаулы қабылданды.

Л.ҚАСЫМБЕКОВА.

"КЕДЕРГІСІЗ КЕЛЕШЕК" ПАРТИЯЛЫҚ ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ



Ақсу аудандық «AMANAT» партиясы филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесінде «Кедергісіз келешек» партиялық жобасы аясында қабылдау өтті.

Аталған қоғамдық қабылдауды аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Бекбаланов Қайрат Тыңбайұлы өткізді.

Қабылдауға Б.Сырттанов және Қаракөз ауылдық округінің тұрғындарының заңды өкілдері келді.



Қайрат Тыңбайұлы азаматтарды жеке сұрақтары бойынша қабылдап, алдағы уақытта сол мәселелердің шешілу жолын қарастыратынын айтты.

"ЖЕР АМАНАТЫ" ПАРТИЯЛЫҚ ЖОБАСЫ АЯСЫНДА



Ақсу ауданы «AMANAT» партиясы филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесінде «Жер аманаты» партиялық жобасы аясында қабылдау өтті.

Қоғамдық қабылдауды Ақсу ауданының ауылшаруашылығы және жер қатынастар бөлімінің бас маманы Сайделдинова Самал Мұратқызы өткізді.

Қабылдауға Есеболатов ауылдық округінің тұрғындары жер мәселесі бойынша мазалап жүрген сұрақтарына жауап алу үшін келді.

Самал Мұратқызы аудан тұрғындарын қабылдап, түйеткілді мәселелердің шешілуіне ықпал етілуіне бағыт - бағдар берді. Қабылдау барысында аудан тұрғындарының өтініші негізінде қолданыстағы заң аясында толық кеңестер беріліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Жәнел ЕСІЛҚЫЗЫ, «AMANAT» партиясы Ақсу аудандық филиалының консультанты.

КӘСІПКЕРЛІККЕ - КЕҢ ӨРІС

БАҒЫҢДЫ АШАР БАҒДАРЛАМАЛАР



Семинарға ауылдық округтерден кәсіпкерлер мен ауылдық округ әкімдіктерінің мамандары шақырылды.

Семинар барысында мемлекеттік гранттарды беру бойынша 2024 жылғы 18 қаңтарда енгізілген өзгерістер түсіндірілді. Яғни, бұрын қолданыста болған Ережелер 18 қаңтарда күшін жойғаны хабарланды.

Сондай – ақ, әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу қағидалары, бизнес - идеяларды іске асыру үшін әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік гранттар беру қағидалары және «Ауыл аманаты» бағдарлама бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Мемлекеттік гранттарды беру бойынша өзгерістер 2024 жылғы 18 қаңтарда енгізілді дедік. Негізгі өзгерістердің бірі жаңа Ережелерге сәйкес мемлекеттік гранттар алуға конкурстық іріктеудің қатысушысы болып әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері, «Бір ауыл – бір өнім» бағдарламасының финалистері болып табылатын шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері қатыса алады. Осы өзгерістерге байланысты кәсіпкерлерде әлеуметтік кәсіпкерлік бойынша көптеген мәселелер көтерілді. Себебі, біздің ауданда мұндай кәсіпкерлер жоқтың қасы. Бар болса да, әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері болып тіркелмеген. Осы арада оқырмандарға айта кететін ескертпе дейміз бе, хабарлама десек болады ма, осы кәсіпкерлік субъектісіне тіркелу жолын аудандық кәсіпкерлік бөлімінен білуге болады. Яғни, жұмысшылар тобында әлеуметтік осал топтағы кем дегенде екі адамды жұмыспен қамтыған кәсіпкерлер құжаттарын тапсырып, өлі де үлгереді. Үлгерсеңіз, «Бір ауыл – бір өнім» бағдарламасының финалисті болмасаңыз да осы бағдарлама бойынша 5 000 000 теңгеге дейін қайтарымсыз грант алуға мүмкіндік бар. Бағдарламаға бөлінген қаражат – ауылға қажетті жақсы бизнес – идеясы бар, жылжитын, жылжымайтын қосымша кепілі бар, нақтырақ айтсақ, бұл кепіл ретінде саналмайды, қосымша қаражат көзі бар немесе есеп шотында 1 млн. теңге артық ақшасы бар кәсіпкерге бұйыруы мүмкін. Егер ұтпай қалған жағдайда өз шотыңыздағы қаражат өзіңізде қала береді. Осы арада тағы бір ескертетін мәселе ол бизнес ауылға қажетті болуы шарт. Сонда ғана ұту мүмкіндігі жоғары болады. Мысалы, шалғай ауылға автокөлік жуу орнын салудан гөрі шағын наубайхана ашудың мүмкіндігі көбірек. Себебі, ауылдағы он шақты автокөліктен ауыл тұрғындарын ыстық нанмен қамтамасыз ету пайдалырақ екені айтпаса да түсінікті. Сол сияқты басқа да қажетті бизнес жоспарлар арнайы комиссияда қаралып, ұтысқа шығады.

Бұл жерде әрине, қайтарымсыз грант тегін беріле салады, оның сұранысы болмайды деп ойлап қалу үлкен қателік. Қайтарымсыз несиелер кәсіпкерлікті дамытуға бағытталғандықтан жасалған жұмыс қатаң бақылауда болады.

Сондай – ақ, семинарда ағымдағы жылы жалғасатын «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша несиелеу шарттары бойынша мәселелер

көтерілді. «Ауыл аманаты» бағдарламасының негізгі мақсаты – ауылдық елді мекендердегі жұмыссыздық пен атаулы әлеуметтік көмек алушылар санын азайту, сонымен қатар өзін - өзі қамтушыларды заңдастыру. Бұл бағдарламаның қаржысы негізінен кәсіпкерлікті салу үшін емес, кәсіпкерлікті дамытып, қажетті құрал – жабдықтарды алуға бағытталған. Қаржы төмен пайызда несиелер ретінде кепіл қою арқылы беріледі.

Бұрындары халық көбінесе мал шаруашылығын дамытуға көп көңіл бөліп, несиенің көбісі осы саланы дамытуға бөлінетін. Енді өзгерістерге байланысты басқа да салалар бой көрсете бастады.

Мысалы, ауданымыз бойынша «Ауыл аманаты» жобасы аясында 91 жобаға 513,5 млн. теңге шағын несиелер беріліп, ауыл азаматтарының істерін ілгерілетіп отыр.

Несиелерге өтінім берген аудан тұрғындарының басым бөлігі мал шаруашылығы. Осы бағытта 87 тұрғын шағын несиелер алды. Ауылшаруашылығы техникаларын сатып алып, қызмет көрсетуге, кооператив құрылып, 27,6 млн. теңге несиелер берілді. Жеңіл өнеркәсіп саласында кәсіп бастап тігін цехы, аяқ киім жөндеу орталығын ашуға 11,9 млн. теңгеге 3 тұрғынға шағын несиелер берілді.

Дәл осы жерде мақтанышпен айта кететін болсақ, Ақсу ауданы бойынша Тұмарбай Қарлығаш осы жоба арқылы 4 млн. 800 теңге несиелер алды.

– 2008 жылдан бері тігін тігумен айналысам, үй ауласында шағын тігін шеберханам бар. Тұрғындар сұранысы бойынша түрлі көрпе - жастық және тағы басқа бұйымдар тігемін. Бұл жобаның игілігі мол. Алған несиелеме кәсібімді одан әрі дамытып, заманауи автоматтандырылған мақта түтетін, матрац тігетін аппараттар сатып алдым», – дейді кәсіпкер.

Жалпақ жұрттың жағдайын көтеруге бағытталған жобаға қатысуға тілек білдіргендер аз емес.

Семинар барысында ауданымыздағы «Іскер әйелдер» қоғамының төрайымы Бағлан Нарышева бастап, барлық кәсіпкерлер сұрақтарын қойып, «қанағаттанарлық» жауаптарын алды. Кәсіпкерлерді қызықтырған барлық мәселелерге облыстық кәсіпкерлік және индустриялық - инновациялық даму басқарма мамандары түсініктеме берді.

Ербол СЫМХАНОВ.



"АруАНА" республикалық үздік әйелдер жобаларына конкурс жарияланды



«АРУАНА»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҮЗДІК ӘЙЕЛДЕР ЖОБАЛАРЫНЫҢ КОНКУРСЫ

«АруАна» республикалық үздік әйелдер жобалары конкурсы әлеуметтік бағыттағы үздік идеялар мен жобаларды іске асыратын әйел кәсіпкерлерді қолдауға, біріктіруге және ілгерілетуге бағытталған.

Әлеуметтік бағыты бар үздік әйелдер жобаларын іріктеу Қазақстанның барлық өңірінде жүзеге асырылады.

Конкурс Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның қолдауымен өткізіледі және 8 наурыз - Халықаралық Әйелдер күніне орайластырылған.

Конкурс жеңімпаздарын марапаттау рәсімі 8 наурыз - Халықаралық Әйелдер күні қарсаңында салтанатты түрде диплом және ерекшелік белгісі (мүсінше) табыстай отырып өткізіледі.

Облыстық конкурста Жетісу облысы аумағында әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыратын әйелдер мен әйелдердің қоғамдық бірлестіктері қатыса алады.

Өтінімдерді іріктеу конкурстық комиссия жүзеге асырады.

Іріктеу қорытындысы бойынша 1 (бір) жеңімпаз жоба Ұлттық комиссияға жіберіледі.

Өтінімдерді қабылдау – 2024 жылғы 5-20 ақпан аралығында өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін тиісті өтінім Талдықорған қаласы, Қонаев көшесі, 47. Жастарға қызмет көрсету орталығы, 203 кабинетінде немесе jastar_otdel@mail.ru электрондық пошта арқылы қабылданады. Анықтама телефоны: +7 708 678 84 34.

ӨТІНІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУ: 2024 ЖЫЛҒЫ 5-20 АҚПАН

«АУЫЛ АМАНАТЫ» БАҒДАРЛАМАСЫ



МИКРОКРЕДИТ АЛУ ҮШІН ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ:

1. МИКРОКРЕДИТ АЛУҒА САВАЛНАМА-ӨТІНІШ;
2. ЖЕКЕ БАСЫН КҮӨЛАНДЫРАТЫН ҚҰЖАТ;
3. КРЕДИТТІК ТАРИХ СУБЪЕКТІСІНІҢ КРЕДИТТІК БЮРОҒА ӨЗІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ БЕРУЕ, СОНДАЙ-АҚ КРЕДИТТІК ЕСЕПТІ АЛУШЫҒА КРЕДИТТІК ЕСЕПТІ БЕРУЕ КЕЛІСІМІ;
4. ЖОБА БОЙЫНША БИЗНЕС-ЖОСПАР;
5. СУБЪЕКТІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК/МЕМЛЕКЕТТІК ЕМЕС ОРТАНДАҒА ҚАРЫЗ ШАРТЫ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМELEPДІҢ ОРЫНДАЛУЫ/ОРЫНДАЛМАҒАНЫ ТУРАЛЫ БАРЛЫҚ АҚПАРАТТЫ БЕРУЕ ЖӘНЕ АЛУҒА КЕЛІСІМІ;
6. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КООПЕРАТИВТЕРІ МҮШЕЛЕРІНІҢ МИКРОКРЕДИТТІ АЛУ, МҮЛІКТІ КЕПІЛГЕ БЕРУ ЖӨНІНДЕП МӘМІЛЕНІ МАҚҰЛДАУ ТУРАЛЫ ШЕШІМІ;
7. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЗАҢНАМАСЫНА СӘЙКЕС МҮЛІКТІ КЕПІЛГЕ БЕРУ ЖӨНІНДЕП КЕПІЛ БЕРУШІЛЕРДІҢ КЕЛІСІМІ;
8. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУШІ БАҢКЕН ШОТТЫҢ БАҢКЕНДІГІН РАСТАЙТЫН АНЫҚТАМАЛАР;
9. НЕСИЕ КОМИТЕТІНІҢ АЛДЫН АЛА МАҚҰЛДАҒАНЫНАН КЕЙІН ТӘУЕЛСІЗ БАҒАЛАУ ЕСЕБІН АЛУ;
10. КЕПІЛ БЕРУШІ ЖӘНЕ КЕПІЛМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕП ҚҰЖАТТАР.

1 ақпан - «Дүниежүзілік сайлау күні!»

ЖАС САЙЛАУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУ



Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссия мүшелері бүгінгі күнгі 2024 жылдың 1 ақпанында «Дүниежүзілік сайлау күні!» қарсаңында бекітілген мерекелік жоспар бойынша аудандық агротехникалық колледж студенттерімен кездесу өткізді.


Бұл күнді атап өту дәстүрі 2005 жылы Еуропа елдерінің сайлауын ұйымдастырушылар қауымдастығының бастамасымен басталды және оны Біріккен Ұлттар Ұйымы қолдады.

Жас сайлаушылар арасында демократиялық құндылықтарға деген ұмтылысты қалыптастыру туралы Ақсу аудандық Агротехникалық колледж студенттерімен «ҚР Сайлау жүйесі, пай-

да болу тарихы, сайлау компаниясының хронологиясы» туралы дөңгелек үстел барысында әңгіме өрбіді. Сұхбат барысында Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Жұмабеков Сәкен Сейпілғазыұлы сөз сөйлеп, сайлаудың маңыздылығын айтып өтті. Студенттер өз пікірлерімен бөлісе отырып, еліміздің болашағы үшін маңызды іс - шара - сайлауға ел азаматтарының бір кісідей қатысуына үндеу тастады.

Қатысушылардың сұрақтарына жауаптар берілді.

Сәкен ЖҰМАБЕКОВ,
Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы.



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Ақсу өңірі» газетінің (бұдан ары қарай газет) меншік иесі – «Ақсу өңірі газеті» ЖШС 2024 жылдың 31 наурыз күні өтетін Ақсу аудандық мәслихатының №5 бірмандаттық сайлау округі бойынша шығып қалған депутаттың орнына депутат сайлауы қарсаңында үгіт материалдарын орналастырудың шарттары, тәртібі және төлем мөлшері туралы хабарландырады.

ГАЗЕТТІҢ БАСЫЛЫМ АЛАҒЫНЫҢ МӨЛШЕРІ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

Үгіттік және ақпараттық материалдарды орналастыру үшін басылым алаңы төлемінің мөлшері: ҚҚС-ты қоса алғанда журналистік мақалалар жарияланған беттерге мақалалар мен модульдерді орналастыру үшін 1 шаршы см. төлемінің мөлшері - 200 теңге, газеттің интернет ресурсындағы (сайт) әрбір сөзіне – 100 теңге.

Төлем газет берген есепшот негізінде мұндай есепшот берілген күннен бастап 5 (бес) банк күні ішінде жүргізіледі.

Төлем газеттің басылым алаңын беру жөніндегі тиісті келісімшартта немесе есепшотта көрсетілген газеттің банктік реквизиттеріне төленеді.

«Ақсу өңірі» ЖШС-нің
директор - бас редакторы

Л. ҚАСЫМБЕКОВА

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ №5 ОКРУГТІК САЙЛАУ КОММИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

Округтік сайлау комиссиясының орналасқан жері: Қаракөз ауылы, Жамбыл көшесі, №19, «Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Бижарас Садырбайұлы атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралар: №12, №13, №14, №17, №18 сайлау учаскелері кіреді.

Тел.: 8 (72832) 29695.

Комиссия төрағасы – Тасболатова Найля Менғалиқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Жандайбекова Лязат

Комиссия хатшысы – Балтабай Сауық Съезбекұлы

Комиссия мүшелері: Қасымбеков Сұртай Қабидолданұлы, Нұрлан Шернияз Нұрланұлы.

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ №5 САЙЛАУ ОКРУГІНІҢ УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОММИССИЯЛАРЫ

№12 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Қаракөз ауылы, Жамбыл көшесі №19, "Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Бижарас Садырбайұлы атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Тел.: 8 (72832) 29296.

Комиссия төрағасы – Бұхарбаев Алихан Молдаханұлы

Комиссия төрағасының орынбасары – Мұхамдиев Тәңірберген Жұмаділұлы

Комиссия хатшысы – Баймұхашева Қымбат Нурахметқызы

Комиссия мүшелері: Абеева Багдагүл Жұмағалиқызы, Сарынбаев Серғазы Асембекұлы.

№13 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Кеңғарын ауылы, Шірікарал көшесі, №35, "Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Кеңғарын орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Тел.: 8 (72832) 29298.

Комиссия төрағасы – Ахметжанов Қайрат Мұхамбетбайұлы

Комиссия төрағасының орынбасары – Әшімханова Бақыт Құмарқызы

Комиссия хатшысы – Абдуәлиева Гүлнұр Абдуәлиқызы

Комиссия мүшелері: Батырбаев Садатбек Бейсенбекұлы, Құмарбеков Қуат Қабдолдаұлы.

№14 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Жаңалық ауылы, Шатырбай Бәтенов көшесі №1, "Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Жаңатілеу орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Тел.: 8 (72832) 27187.

Комиссия төрағасы – Сқақов Қаблақат Қызырұлы

Комиссия төрағасының орынбасары – Нұрғожина Айгүл Нұрханқызы

Комиссия хатшысы – Ыдырышбаева Гүлмира Қажікенқызы

Комиссия мүшелері: Тезекбаева Мәншүк Қасымжанқызы, Қойлыбаев Ерлан Мүслімұлы.

№17 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Ойтоған ауылы, Жәнәбіл көшесі №12, "Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Илияс Жансүгіров атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Тел.: 8 (72832) 27121.

Комиссия төрағасы – Сағымбаев Дастан Есімғалиұлы

Комиссия төрағасының орынбасары – Жанабаева Лаура Аутаханқызы

Комиссия хатшысы – Беков Нұрлан Рахымбекұлы

Комиссия мүшелері: Бимагузымова Гулихан Капбаевна, Малсақов Асан Омарұлы.

№18 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Үлгілі ауылы, Талдыөзек көшесі нөмерсіз, жекеменшік үй.

Тел.: 8 (72832) 23400.

Комиссия төрағасы – Арынов Болатқан Әбілұлы

Комиссия төрағасының орынбасары – Шаюсупова Маржан Нұралиқызы

Комиссия хатшысы – Есенбаев Махамбет Советбекұлы

Комиссия мүшелері: Уәлиева Мәрия Айтқалиқызы, Демеубаев Болат Қожахметұлы.

ОКРУЖНАЯ ИЗБИРАТЕЛЬНАЯ КОМИССИЯ ИЗБИРАТЕЛЬНЫЙ ОКРУГ №5

Местонахождение окружной избирательной комиссии: село Каракөз, улица Жамбыла, №19, Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа имени Бижараса Садырбая с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования по Аксускому району Управления образования области Жетісу».

Границы: входят избирательные участки №12, №13, №14, №17, №18.

Тел.: 8 (72832) 29695.

Председатель комиссии – Тасболатова Найля Менғалиевна

Заместитель председателя комиссии – Жандайбекова Лязат

Секретарь комиссии – Балтабай Сауық Съезбекұлы

Члены комиссии: Касымбеков Суртай Кабидолданович, Нурлан Шернияз Нурланұлы.

УЧАСТКОВЫЕ ИЗБИРАТЕЛЬНЫЕ КОМИССИИ АКСУСКОГО РАЙОНА

Участковая избирательная комиссия №12

Центр: село Каракөз, улица Жамбыла №19, Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа имени Бижараса Садырбая с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования по Аксускому району Управления образования области Жетісу». Тел.: 8 (72832) 29296.

Председатель комиссии – Бұхарбаев Алихан Молдаханович

Заместитель председателя комиссии – Мұхамдиев Тәңірберген Жұмадилович

Секретарь комиссии – Баймұхашева Қымбат Нурахметовна

Члены комиссии: Абеева Багдагүл Жұмағалиевна, Сарынбаев Серғазы Асембекұлы

Участковая избирательная комиссия №13

Центр: село Кеңғарын, улица Шірікарал №35, Коммунальное государственное учреждение «Кенгаринская средняя школа с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования по Аксускому району Управления образования области Жетісу». Тел.: 8 (72832) 29298.

Председатель комиссии – Ахметжанов Қайрат Мұхамбетбайұлы

Заместитель председателя комиссии – Әшімханова Бақыт Кумаровна

Секретарь комиссии – Абдуәлиева Гүлнұр Абдуәлиевна

Члены комиссии: Батырбаев Садатбек Бейсенбекұлы, Құмарбеков Қуат Кабдолдаевич

Участковая избирательная комиссия №14

Центр: село Жаңалық, улица Шатырбай Бәтенова №1, Коммунальное государственное учреждение «Жанатлеуская средняя школа с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования по Аксускому району Управления образования области Жетісу». Тел.: 8 (72832) 27187.

Председатель комиссии – Сқақов Каблақат Қызырұлы

Заместитель председателя комиссии – Нұрғожина Айгүл Нұрхановна

Секретарь комиссии – Ыдырышбаева Гүлмира Қажікеновна

Члены комиссии: Тезекбаева Мәншүк Қасымжановна, Қойлыбаев Ерлан Мүслімұлы

Участковая избирательная комиссия №17

Центр: село Ойтоған, улица Жанабила №12, Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа имени Ильяса Жансүгурова с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования по Аксускому району Управления образования области Жетісу». Тел.: 8 (72832) 271-21.

Председатель комиссии – Сағымбаев Дастан Есімғалиевич

Заместитель председателя комиссии – Жанабаева Лаура Аутахановна

Секретарь комиссии – Беков Нұрлан Рахымбекұлы

Члены комиссии: Бимагузымова Гулихан Капбаевна, Малсақов Асан Омарович

Участковая избирательная комиссия №18

Центр: село Үлгілі, улица Талдыөзек без номера, частный дом.

Тел.: 8 (72832) 23400.

Председатель комиссии – Арынов Болатқан Әбілұлы

Заместитель председателя комиссии – Шаюсупова Маржан Нұралиевна

Секретарь комиссии – Есенбаев Махамбет Советбекұлы

Члены комиссии: Уәлиева Мария Айтқалиевна, Демеубаев Болат Қожахметұлы

ҰСТАЗДАН ШӘКІРТ

ОЗСА



(Соңы.
Басы өткен санда).

Отанымыздың тірегісіңдер, болашақ сендердің қолдарыңда! Ендігі Жаңа Қазақстанды құратын да, оны өмір сүретін де өздеріңсіңдер!

Жуырда арнайы шәкірттеріміздің қазіргі тыныс - тіршіліктерімен хабардар болып, қуанышымды халқыммен бөлісуді жөн көрдім.

Мен білім саласында еңбек еткен жылдарымда шәкірттеріме сапалы білім, саналы тәрбие беріп, мектеп, аудан, облыс, тіпті республика беделін көтеру үшін, педагогикалық оқуларға, конкурстар, байқауларға қатыстым. Жұлделі орындарға ие болдым. Облыстың Советке депутаты, республиканың озаттары қатарында Болгария, Венгрияға сапар шектім.

Республикалық деңгейдегі марапаттауларда төс белгіге ие болдым.

«Еңбегім тірлігім, мектебім жұмысым бірінші орында, жанұям екінші орында» – деген қағидамен тек алға жылжыдым, тоқтамадым, іздендім. Іс-тәжірибемнен методикалық әдістеме, оқушылардың ой-санасын дамыту жолдарын тереңдететін кітапшалар жаздым. Аудан, облыс, республика деңгейінде таратылды.

Қазіргі таңда 80-нің сеніріне келдім. Шәкірттеріміздің жапырақтай жайылып, бәйшешектей гүл атып, өмірден өз орындарын тапқанына ризамын.

«Ұстаздан шәкірт озса...» - бұл ұстаз үшін шын бақыт, шетсіз, шексіз қуаныш!

Егіз Айна, Жанна Садбаевалар ғылым жолын қуған ғалымдар. Біреуі педагогика ғылымының докторы, екіншісі экономика саласын зерттеп жүрген ғалым.

Айқын Ерген Евразия Университетін қызыл дипломға төмамдап, қазіргі таңда Белгияда ғылым жұмысын жетілдіру үшін тәжірибе жинақтауда.

«Ұстаз» деген ардақты да киелі мамандықты, мектеп қабырғасында білім нәрімен сусындап жүрген кездерінде, ұстаздарының білімді де білікті, тәрбиелі айналадағы барша қауымға үлгі боларлықтай айтуға сөз жетіспейтін қадірлі қағазеттерін бағалай, еліктің отырып, мұғалімдік мамандықты таңдағандары көп-ақ. Олар: Мадина Дауирова, Сайран Рахимов, Ақерке Бегалы, Төлепбек Дина, Абдықадір Гүлжан Жумаалиева, Бағжан Тынышбаева, Аралым Лепесбаева, Жиенбаева Гүлнұр, Рысбиева Айнұр, Қызылбаева Сапар.

Сапар менің алғашқы шәкірттеріміздің бірі, Алматы облысының беделді ұстазы. «Ерең еңбегі үшін» медалінің иегері.

Ахмолдаев Данияр бастауыш сыныпта оқып жүрген кезден-ақ өнерге, білімге деген құлшынысы, талабы, ізденісі ерекше еді. І.Жансүгіров атындағы Жетісу Мемлекеттік Университетінің тарих факультетін қызыл дипломға, кейінірек магистратураны төмамдады. Данияр мектепте, университетте, кейін Сыдықов атындағы орта мек-

тепте педагог-ұйымдастырушы, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары лауазымы қызметін атқара жүріп аудан, облыс, республикалық форумдарға съезд, байқауларға қатысып, өзінің білімді де, білікті ұстаз екендігін көрсетумен қатар, оқыған мектебінің еңбек еткен ортасының, ауданның, облыстың беделін республика деңгейінде көтере білді.

2012 жылы Республикалық жылдық ең үздік ұстазы, Республикалық Жас Отан ЖК-2 съезі делегаты.

2013 жылы «Көшбасшы-2013» облыстық жастар сыйлығының «Жас ұстаз» номинациясының иегері.

2019 жылы Көкшетау қаласында өткен «Заманауи басшы табыс құпиясы» атты конференция делегаты.

2021 жылы ҚР Тәуелсіздігіне - 30 жыл толуына орай ұйымдастырылған «Менің Қазақстаным» атты Жетісу Университетінде өткен фестивалда жүлдегер атанып, ректордың алғыс хатымен марапатталды.

2023 жылы облыстық Ақсу ауданы атынан бір мандаттық сайлау жүйесі бойынша Жетісу облыстық маслихатының VII шақырылым депутаты болып сайланды.

Қазіргі таңда «Жансүгіров атындағы орта мектебі» директоры қызметін атқарып келеді. Жары Альбосынова Аида Мейрамқызы да мұғалім.

Бастауыш сыныпта оқып жүргенде үйірме сабағында құрастырған балауса балғын арманы шынымен орындалды.

Балалық арманын орындау үшін Даниярым үнемі ізденіс, өмірге, еңбекке, білімге деген құлшынысы, табандылық көрсете білді, мақсатына жетті.

Рахимов Сайранның білімге, білуге деген ерекше

құштарлығы оны грантпен Евразия Университетінің ағылшын тілі факультетін қызыл дипломға, магистратураны бітіруге итермеледі.

Алматы қаласында ұстаз, репититорлық мектеп ашты. Шет тілін қосымша оқып білім алуға құштар оқушыларды білім нәрімен сусындатуда. Білімін өлі де жетілдіру үшін АҚШ астанасына жолдама жеңіп алғандығы туралы хабардармын.

Бегалы Арсен Ж.Сыдықов атындағы орта мектептің 7 сыныбынан соң Талдықорған қазақ-түрік лицейін қызыл дипломға бітіріп, Сатбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Университетінің «Құрылыс Инженерия» факультетін тағы қызыл дипломмен төмамдады. Қазіргі кезде құжаттар рәсімдеу компаниясының бас маманы.

Қайратова Балауса балалық шағынан қызығып ойнайтын ұлттық ойынының тоғызқұмалақтан спорт шебері атанса, Қазақ Ұлттық Университетінде Ақпараттық жүйелер мамандығы бойынша дәріс алып, тағы да Қ.Сатбаев Университетінде магистр дәрежесіне ие болды.

Алған мамандығы бойынша Energy Solution Center компаниясының басшылығында қызметте.

Төлепбек Дина мектепті үздік бағаға төмамдап, АТУ-дың Тағам технологиялары факультетін, І.Жансүгіров атындағы Жетісу Университетін Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі факультетінің грант магистранты.

Сүйікті мамандығын таңдай білген Дина шәкірт жүрегіне жол таба білген ұстаз.

Мұхаметшаров Елдар Эйр Астанада.

Жеңісгүл, Ақжолбекова Еңлік, Жанатбеков Қайрат, Қизатов Әділет, Уайсова Ләззат ел байлығына үлес

қосқан, салалы саудалары, салондары бар кәсіпкерлер.

Шынғозова Кенжегүл шет елдік компанияда аудармашы.

Думан Қалибеков облыс орталығында табиғи монополияларды реттеу агенттігінің басшысы.

Мырзекова Шолпан Kaspi Bank-де менеджер.

Төлеуова Маржан Алматы қаласында мебельдік компанияда бас есепші.

Жанғұлова Нұржібек, Абдрахманова Айман аудандық прокуратураның белді қызметкерлері.

Біршама шәкірттеріміз әскери шендірі бар биік лауазымды әскери қызметте. Олар: Альсеитова Оралхан Қорғаныс Министрлігінде бөлім басшысы.

Елубаева Арда халық театрінің мәдениет үйінің директоры.

Еліміздің түпкір – түпкірінде әр түрлі салада, халық игілігі үшін сүйікті мамандықтары бойынша еңбек етіп жүрген ұл-қыздарым қаншама десеңші.

Олар: Жарқын Сламжанов, Жұмагүл Жырғалова, Жұмақызы Құндызбаева, Есен Қуанбекұлы, Еламан Жылқайдаров, Қатарбаевтар, Балғын Айдарқызы, Динара Алимбаева, Уайсов Қайрат, Уайсов Талап, Бегдуллиндер, Анар Құндызбаева, Біржан Мұхажанов, Әйгерім Қаталиева, Болат Тектібаев, Жанна Үкібаева, Камшат Төлеухан, Сламбек Дина, Бақытгүл Нұрқанқызы, Қуандық Бектенісов, Чанкутов Фархат, Алма Түрікпеннова, Айзада Қаулыбек, Мәлік Бекұлы, Ережеп Қарқын, Асқарова Амина, Мейір Ерғалиев, Алтын Айдосқызы, Бейбарыс Серікұлы, Қуат Төреханов, Жібек Құрманғазықызы...

Айналайын жоғарыда аты аталған және аталмай қалған шәкірттеріміз!

Халықтың нұрлы ертеңі үшін ел

игілігі жолында атқарып жүрген еңбектерің ылайым жемісті болсын! Еліміздің мәртебесін өсіріп, көсегесін көгертетін, Жаңа Қазақстанның беделді де абыройлы азаматысыңдар сендер! Мен ұстазбын, еңбегіммен

еленген Шәкірттерім, сенің бағың өрге қарай өрлесе

Мен ұстазбын, қуанышқа шексіз кенелген

Ақсудың самал желі, күн нұрына бөленген

Менің еңбек жолымды жалғастырған сүйікті де сүйкімді шәкірттерім, қыздарым, ұлдарым мұғалімдер!

Жаңа басталған Жаңа жыл өмірлеріңе жақсы жаңалық, шығармашылық табыс әкелсін.

Халқың мойындап, ие бұлар білім саласының қазіргі жұлдыздары десін

Айтқан батам, Алланың құлағына жетіп

Кеуделерің орденге, шаңырақтарың шаттыққа толсын.

Ахмет Байтұрсынов: «Адам білімді болуы үшін оқу, бай болуы үшін кәсіп керек» - деген білім саласында еңбек еткен жарты ғасырлық еңбегімдегі оқытқан шәкірттеріміздің барлығы дерлік. Демек, 80% - жоғарғы оқу орындарын, 20% орталау оқу орындарын төмамдағаны мәлім.

Кейінгі 1995-96 жылдан бергі жоғарғы оқу орнын бітіргендердің 70% қосымша магистратураны, нешесі екінші жоғарғы оқу орнын оқып, білімдерін жетілдірді.

Кешегі балауса балапандарымның бүгін ер жетіп өмірден өз орындарын тауып, есейгендерін, жапырақ жайып үйлі – жанұялы болғандарын, еңбекте табысты, халқына қайырымды болғандарын көру, есту мен үшін жалпы ұстаздар қауымы үшін шексіз қуаныш!

«Ақырын жүріп алшақ бас Еңбегің кетпес далаға

Ұстаздық еткен жалықпас Үйретуден балаға» - деп

Абай атамыз айтқандай шәкірттеріміз өзінмен озғанын қалай отырып, менің, жалпы ұстаздарының жетпеген биігіне жетулерін, білімдерімен де, еңбектерімен де шексіз жетістіктерге жете бергендерін Алладан тілеймін.

Жан - жағамна көз жүгіртіп, еңбегімнің ақталғанын сезінемін, білемін, жүрегімде еңбегімнен алған рахат сезімі буырқанған теңіз толқынындай....

Мен еңбек бақытын тапқан ұстазбын.

Шәкірттерім, сендер менің өмірімді жалғадың

Ізгі іс қой, ұстаз тілін алғаның Оқыдың, еңбек еттің, биіктікке

самғадың Осы еді ғой, менің дағы қарттық кездегі арманым.

Иә, мен бақыттымын! Естеріңде болсын!

Айналайын миллиондаған шәкірттеріміз!

Бүгінгі естелік мақалам өздеріңе арналады

Сендерден жақсы хабар естісем Жүрегім мәңгі қайта жанданады.

Закира НҰРЫШҚЫЗЫ,
ҚР Оқу ісі үздігі, методист-мұғалім, "Ы.Алтынсарин" төсбелгі иегері, Еңбек ардагері.

Ауылшаруашылығы жануарлары иелерінің назарына!

Ауданда жеке аулалар мен шаруа қожалықтарында, шаруашылық құрылымдарында жылма жыл мал басының өсімі, олардан алынатын өнімдердің де сапасы жақсарғаны байқалауда. Мал баққанға бітеді демекші, Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы» Заңының 25 бабында жеке және заңды тұлғалардың жануарлар ауруларының оның ішінде жануарлар мен адамға ортақ аурулардың алдын алу жөніндегі міндеттері көрсетілген, олар:

1) ҚР ветеринария саласындағы заңдармен белгіленген жануарлар ауруларының алдын алуды және жануар оның өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін вет-сан ережелерді сақтай отырып, ветеринариялық және әкімшілік-шаруашылық іс шараларды жүзеге асыру.

жайларын таза ұстауға, қоршаған ортаның ластануына жол бермеу

3) Ауылшаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді (сырғалау) қамтамасыз ету.

4) Ауылдық округтің ветпункт мамандарына, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау инспекциясына: жаңадан сатып алынған жануарлар, алынған төл, оның сойылғаны мен өткізілгені туралы хабарлау;

Жануарлар кенеттен шығын болғанда, бірнеше жануар бір мезгілде ауырған немесе өдеттен тыс мінез көрсеткен жағдайлар туралы хабарлауға және ауруға күдік болған кезде, ветеринария мамандары мен

мемлекеттік вет-сан инспекторлар келгенге дейін, жануарларды басқа малдардан оқшаулап ұстауға жағдай жасау;

5) Ветеринариялық санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін өз жануарларына уақтылы вакцина егу және олардың диагностикасын қамтамасыз ету;

6) Соодың алдында ветеринариялық тексеру жүргізбей жануарларды өткізу үшін союға және сойғаннан кейін ұшаларына ветеринариялық-санитариялық сараптама жасамай өткізуге жол бермеу;

7) Ветеринария саласындағы мамандардың ветеринариялық іс-шаралар өткізуге қызметтік міндеттерін орындауға жәрдем көрсету;

8) Жануарларды карантиндеу жүргізу.

Құрметті аудан тұрғындары!

Біріншіден «Қорадағы мал мыңға жетсе – керегеден бас кетпейді десе», екіншіден «Медицина адамды емдесе – ветеринария адамзатты емдейді» деген сөз тегін айтылмаса керек. Мал көбейген сайын оның ауруы да көбейетіні меңзелсе, адамның дені сау болуы үшін малдың дені сау болуы керек.

Ендеше, көрсетілген Заң талаптарын орындау басты міндетіміз болуы керек. Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы» Заңының 25 бабында көрсетілген міндеттерге сәйкес ветеринария мамандарының қызметтік міндеттерін атқаруға көмек көрсетулеріңізді сұраймыз.

Ж.РАХИМОВ,
мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор, бас маманы.

ҒЫЛЫМИ - ПРАКТИКАЛЫҚ ЗЕРТХАНА АШЫЛДЫ

Алматы облысында Абыхан Жексембеков атындағы орта мектепке «Педагогикалық өлшемдер» ғылыми-практикалық зертханасы ашылды. Жобаны Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университетімен бірлесіп жүзеге асырды.

CHEMISTRY



Бастапқыда балабақша болған ғимарат Еңбекшіқазақ ауданында 1994 жылы алғаш қазақ мектебі болып ашылды. Қазір іргелі білім ошағына айналған мекемеде әр сынып заманауи тәжірибелі құралдармен, интерактивті тақтамен жабдықталған. Бүгінгі «Тұлғаға тағзым – Тәуелсіздік тартуы» республикалық конференциясында мектеп оқушыларының және ұстаздар қауымының жетістіктері сараланып, жоспарлар талқыланды.

«Биылғы біздің ерекшелігіміз, біз Абай атындағы ұлттық педагогика университетімен «Педагогикалық өлшемдер» зертханасын ашып отырмыз. Бұл істен күтеріміз өте мол. Өйткені, осы университеттің педагогтері, профессорлары, докторлары мұғалімдерімізге педагогикалық қолдау көрсетіп, ғылыми - практикалық

жұмыстарға жетекшілік етеді. Осында келіп сабақ өтеді. Түзілген онлайн жоспарларымыз бар», – деді А.Жексембеков атындағы орта мектептің директоры Гүлбахыт Қасымжанова.

Абыхан Жексембеков атындағы орта мектеп пен Абай атындағы ҚазҰПУ өзара меморандумға қол қойды. Оның негізінде жаңа зертхана филиалы өз жұмысын Абай атындағы университеттің Педагогика және психология кафедрасының жанында ашылған «Педагогикалық өлшемдер» ғылыми-зерттеу зертханасымен бірлестікте жүргізеді. «Педагогикалық өлшемдер» зертханасының мұғалімдерді даярлауда, мектеп пен университет арасындағы инновациялық ынтымақтастықтың жаңаша практикалық алаңына айналуда барлық мүмкіндіктері бар.

«Өздеріңізге белгілі бүгінгі таңда біздің елімізде жалпы 800

жайлы мектеп салынып жатыр. Ал, биыл еліміз бойынша 400 жайлы мектеп салынбақшы. Осы жайлы мектептерге мұғалімдерді сапалы дайындау мақсатында біз, 10-11-сыныптан бастап мұғалімдік мамандыққа ерте кезден баулитын педагогикалық сыныптарды ашпақшымыз», – деді Абай атындағы ҚазҰПУ академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Хайрулла Жанбеков.

Жаңа ғылыми - практикалық зертхананың филиалы ұстаздарға біліктілігін арттырып, оқушыларға жаңа бағытта білім беруге жол ашады. Осылайша, мұғалімдер білім алушылардың арасында ерте бастан талапты педагогтерді дайындап шығаруға ниетті.

Нұрбек БАҚЫТ.

ТІЛ — ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ ЖАНЫ



Ана тілім,
Жүрегісің анамның.
Жүрек - ана,
Мен өзіңнен жаралдым.
Сағат сайын саулығыңды тілеймін,
Сенсіз мынау керегі не ғаламның!
Сенің әрбір тынысыңмен күн кешем,
Сен арқылы тіршілікпен тілдесем.
Ел бетіне қалай тұзу қараймын,

Ана тілім,
Егер сені білмесем.
Тіл – ананың ақ сүтімен бойға сіңген асыл қазынамыз, халық тарихымен, оның қалыптасуынан бастап өмір сүруінің әр кезеңдерімен, бастан кешкен тағдырымен тығыз байланыста дамып, өсіп келе жатқан, тереңге тамырлаған құндылық. Тіл туралы сыр шерту де, тілге арнап өлең шығару да артық емес. Себебі тіл бүкіл бір халықтың жүрегі. Ана тілдің бойында ұлттық болмыс, ұлттық рух, дәстүр мен салт жатыр. Ең ұлы қару, ең асыл құндылық, ең керемет қатынас құралы - Тіл. Өлемдегі ең көп таралған және тәрізді, қолдану аймағы кең, сұлу тілдер деп ағылшын, француз тілдерін айтамыз. Және осы қатарға біз ана тіліміз, қазақ тілін де қосуымызға болады. Себебі, қазақ тілі – өлемдегі мағынасы мол, синонимдік тіркесі өте көп, сұлу сөйлеу стилі бар, ерек-

ше тіл. Қазақ тілін қолданатын халықтың саны аз дегеніміз болмаса, бұл тілдің құдіреті ерекше. Ұлы ақын Абай Құнанбайұлына дейін ата – бабаларымыз, небір билер, батырлар мен хандар, шешендер осы сөздік қоры мол тіліміз арқылы дау шешіп, алапат соғыстардың бетін қайтарған. Абайдан кейінгі қазақ тілінің ерекше қолданысқа түсуі, оның қазақ поэзиясын халық ішіне ідіріп әкелуі. Бұл Абайға дейін поэзия болмады деген сөз емес. Поэзия болды. Бірақ ол зар заман жырлары мен дастандары. Ал, Абай тілінде әдемілік, сұлулық, жоғарыда айтылған ерекшелік үндесіп жатыр.

Тіл өлсе, ұлт та өмір сүруін тоқтатыны анық. Сондықтан сіз қай ұлттың өкілі болмаңыз, өз тіліңіз үшін күресуге міндеттісіз. Ана тіліңіз жайында аманат қалдыруға, мұра қалдыруға тырысуыңыз керек. Себебі, өз тілінде жазылған құнды тарихи деректер, кейінгі ұрпақ үшін үлкен рухани мұра. Мысалы, кезіндегі тасқа қашалып жазылған жазулары, яғни руна жазулары бүгінгі көптеген түркі халықтарына тән тарихи деректерді танытады. Демек, Сіздің де тіл өлмесе, ертеңгі ұрпақ үшін, жалпы адамзат үшін үлкен мәнге ие болары сөзсіз.

Семсер ХАМИТОВ,
Қапал ауылдық мәдениет үйінің қызметкері.

"AKSU, BOOK FEST - 2024" кітап жәрмеңкесі



Ақсу аудандық кітапханасының ұйымдастыруымен ауданымызда тұңғыш рет екі күнге жалғасатын «Ақсу, book fest - 2024» кітап жәрмеңкесі 6 ақпан күні бастау алды.

Бүгінгі ашылу салтанатына аудан әкімінің орынбасары Дәулетбекова Күләйхан Тұрсынбекқызы жылы лебізін білдірді.

Шара барысында ақсақалдар алқасының төрағасы Амантай Айтбайұлы, "Матай-Берібай" қорының төрағасы Қасымов Берікбол Төлегенұлы ақын Ербол Оразбеков қатысып, өз тілектерін жолдады. Жерлес жазушымыз Батқалбек Нұртілеу ағамыздың «Арасаным ардағым» кітабының тұсауы кесілді. Сонымен қатар «Кітапханаға кітап сыйла» акциясының аясында ақын Е.Оразбеков «Өлеңім менің өмірім», «Берібай батыр», «Есімі ұранға айналған», «Берібай батыр-тарихи тұлға» және де

зерттеуші Ерден Нұрахмет т.б. оқырмандар жалпы 100-ге жуық кітаптарын кітапхана қорына тарту етті.

Жәрмеңкеге Алматы қаласынан «ZIYAT» баспасы, Талдықорған қаласынан «Мазмұндама», «Марфу пресс» баспасы, «Байлық кітапта», «Кітап кемелдену» кітап дүкендері: қазақ көркем, балалар, шетел әдебиеті, психология, бизнес, мотивациялық, ғылыми-танымдық және рухани т.б. тақырыптағы жалпы саны 500-ге жуық кітаптарды сөреге қойып, қол жетімді бағада оқырмандарға ұсынды.

Іс-шараға 100-ден аса оқырман қатысты.

Естеріңізге сала кетейік, жәрмеңке екі күнге жалғасады. 7-ақпан күні, яғни, ертең жаңа кітаптармен толыққан жәрмеңкемізді келіп, тамашалап қалаған кітаптарыңызды ала аласыздар.

Жанар АУБАКИРОВА.

АУДАН ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ | ПОСТАНОВЛЕНИЕ РАЙОННОГО АКИМАТА

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Жер кодексінің» 26, 84, 85, 86, 87-баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңының 31,37 –баптарына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 6 тарауына, Қазақстан Республикасының «Жайылымдар туралы» Заңының 15-бабының 1-тармағына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жеке ауладағы ауылшаруашылығы жануарларын жаю үшін, халықтың жайылым алқаптарға деген мұқтажын қанағаттандыру мақсатында 2024 жылғы 09 ақпаннан бастап меншік иелері мен жер пайдаланушылардан мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскелерін иеліктен шығару басталсын.

2. Колдейбаев Нурболат Токановичтің шаруа қожалығының пайдалануына, Қапал ауылдық округінде орналасқан, алаңы 150,0 гектар жайылым жерін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару жүзеге асырылсын.

3. «Ақсу ауданының ауылшаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі:

- 1) осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын;
- 2) заңмен белгіленген тәртіпте меншік иелеріне және мемлекеттік емес жер пайдаланушыларға ескертсін және тең бағалы жер учаскелерін беруді немесе өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
- 3) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін босалқы жерлер құрамына өткізсін;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- 5) Жер пайдаланушымен келісу тәртібін жүзеге асыру үшін, үндеу орны: Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5, үшінші қабат, Ақсу ауданының ауылшаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің кабинеті болып бекітілсін.
6. Осы Қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ф.Есжановқа жүктелсін.

Аудан әкімі

Б.ТЫНЫШБАЕВ

Акима району

Б.ТЫНЫШБАЕВ

О принудительном отчуждении земельных участков для государственных нужд

В соответствии со статьями 26, 84, 85,86,87 Земельного кодекса Республики Казахстан, со статьями 31, 37 «О местном государственном управлении и самоуправлении Республики Казахстан», главой 6 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе», пункт статьи 15 Закона Республики Казахстан «О пастбищах», акимат района **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Начать с 09 февраля 2024 года принудительное отчуждение собственников земельных участков и землепользователей для государственных нужд, для удовлетворения нужд населения в пастбищных угодьях для выпаса сельскохозяйственных животных личного подворья.

2. Осуществить в отношении земельного участка, находящегося во временном землепользовании Колдейбаева Нурболата Токановича, принудительному отчуждению для государственных нужд 150,0 га пастбищных угодий расположенный в Капальском сельском округе.

3. Государственному учреждению «Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Аксуского района, области Жетісу»

1) в течение трех рабочих дней со дня принятия настоящего постановления опубликовать в местных средствах массовой информации;

2) в установленном законом порядке предупредить собственников и негосударственных землепользователей и обеспечить предоставление равных ценных земельных участков или выплату компенсации;

3) после завершения мероприятий по принудительному отчуждению земельного участка или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельных участков для государственных нужд передать земельные участки в состав земель запаса;

4) принять иные необходимые меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

4. Дополнительно предусмотреть в бюджете района расходы, возникающие в связи с принудительным отчуждением земельных участков для государственных нужд.

5. Местом обращения землепользователей для осуществления согласительных процедур определить: Аксуский район, село Жансугурова, улица Желтоқсан, №5, кабинет Государственного учреждения «Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Аксуского района».

6. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима Аксуского района Есжанова Г.

● **МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ****Өңірлік кадр резервіне іріктеу басталады****Өңірлік кадр резерві**

ONIR.PKREZERV.GOV.KZ

2024 жылдың 1 наурызынан бастап облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың өңірлік кадр резервтеріне іріктеу басталады. Іріктеу жұмыстарын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың кадр комиссиясы жүзеге асырады.

Өңірлік кадр резервінің басты мақсаты – әр өңірде талантты жастар арасынан жаңашыл ойлайтын көшбасшылар, жас басқарушылардың тобын қалыптастыру.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев атап өткендей, «Бізге түрлі салаларда, жауапкершіліктен қорықпайтын, ерекше әрі тиімді шешімдер қабылдай алатын жаңа формациядағы басқару тобы қажет. Дәл осындай адамдар ел қалауындағы нәтижеге қол жеткізуге қабілетті».

Іріктеуге құжаттарды тапсыру сәтінде 35 жастан аспаған, жоғары білімді және 3 жылдан кем емес еңбек өтілі бар Қазақстан Республикасының азаматы қатыса алады.

Жетісу облысында іріктеу келесі салалық бағыттар аясында жүзеге асырылатын болады:

- 1) индустрия және өнеркәсіп;
- 2) экономика және қаржы;
- 3) әлеуметтік сала;
- 4) тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық және инфрақұрылым;
- 5) агроөнеркәсіптік кешен және жер қатынастары;
- 6) цифрландыру;
- 7) экология.

Ағымдағы жылдың 1-31 наурызы аралығында өтетін іріктеудің алғашқы кезеңі - құжаттарды қабылдау кезеңінде азаматтар жоғарыда аталған салалық бағыттардың бірін таңдай отырып, onir.pkrezerv.gov.kz платформасында келесі құжаттарын жүктейді:

Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің немесе паспортының көшірмесін;

білім туралы құжаттардың және оларға қосымшалардың көшірмесін;

еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесін;

түрлі түсті фотосуретін.

Сонымен бірге, кандидаттар өз құжаттарын Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істер агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің dgs-jetysu@mail.ru электронды поштасына да жіберудің мүмкіндігі қарастырылған.

Кандидаттарға бір ғана өңірді және бір салалық бағытты таңдауға рұқсат етіледі. Одан кейін салалық бағыт пен өңірді өзгертуге жол берілмейді.

Іріктеудің екінші кезеңі - заңнаманы білуге және жеке қасиеттерін бағалауға тестілеу.

Тестілеу Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Жетісу облысы бойынша филиалының тестілеу залында офлайн форматта өтетін болады.

Бірінші блок. «Заңнаманы білуге арналған тестілеу»:

Қазақстан Республикасының Конституциясын (15 сұрақ);

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» (15 сұрақ);

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын;

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексін (10 сұрақ) білуге арналған тестілерді қамтиды.

Тест тапсыруға кандидаттарға - 55 ми-

нут беріледі және ағымдағы жылдың 5 - 9 сәуір аралығында өтеді.

Екінші блогы «Жеке қасиеттерді бағалауға арналған тестілеуге» заңнаманы білуге арналған тестілеуді ең жоғары балмен тапсырған кандидаттардың 50%-ы, бірақ 120-дан көп емес кандидаттар жіберіледі. Бұл тестілеуге жалпы 90 минут уақыт беріледі және 13 және 14 сәуір күндері өтеді.

Тестілеуді сәтті тапсырған кандидаттардың тізімі интернет-ресурстарда, сондай-ақ онлайн-платформада кандидаттарды келесі кезеңге жіберу туралы шешім қабылданған кезден бастап орналастырылады.

Іріктеудің «Құзыреттерді бағалау» деп аталатын үшінші кезеңі Астана қаласында

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының базасында офлайн форматта 2024 жылдың 22 сәуірі мен 7 маусымы аралығында өтеді. Конкурсқа қатысу бойынша шығыстарды қатысушылар өз қаражаты есебінен төлейді. Үшінші кезеңде кандидаттардың мінез-құлық индикаторларының жиынтығы арқылы белгілі бір құзыреттерді анықтауға әрі бағалауға бағытталған топтық және жеке жаттығулар қамтиды. Кандидаттардың мінез - құлқын сертификатталған сарапшы-бағалаушылар бақылайды. Бұл кезеңге алдыңғы кезеңнен жоғары нәтиже көрсеткен 30 кандидат жіберіледі.

Төртінші кезең - «Комиссиядағы құрылымдық сұхбат» кандидат таңдаған салалық бағытқа сәйкес жобаны презентациялау форматында өткізіледі.

Сұхбатқа 23-тен артық емес кандидат жіберіледі. Қатысушының презентациясы 5 слайдтан тұруы керек. Презентация барысында кандидат өзі ұсынған идеяның мәні мен мақсаттарын, оны іске асыру кезеңдерін, ықтимал проблемаларды, күтілетін нәтижелерді ашуы қажет. Презентацияны қорғауға 5 минут уақыт беріледі.

Бұл ретте, комиссия кандидаттарды келесі критерийлерге сәйкес бағалайды:

аналитика;

білімнің тереңдігі;

қарым-қатынас дағдылары.

Іріктеудің ашықтығын қамтамасыз ету үшін құрылымдық сұхбат жүргізу кезеңінде өңірлік резервке қоғамдық бірлестіктер, ҰЕҰ, БАҚ, бизнес-қоғамдастықтардың өкілдері және салалық сарапшылар тартылуы мүмкін.

Үміткерлер үшін ең соңғы «Комиссияның отырысында» резервке кандидаттарды қабылдау туралы ұсыныс шығарылады. Өңірлік резервтерге алынған үміткерлердің тізімі комиссия шешім қабылдағаннан кейін бір жұмыс күні ішінде белгілі болады.

Конкурсқа қатысушылардың әр кезеңдегі нәтижелері комиссия шешім қабылдағаннан кейін бір жұмыс күні ішінде интернет-ресурстарда, кандидаттардың жеке кабинеттерінде, жобаның сайтында жарық көреді.

Іріктеу қорытындысы бойынша Жетісу облысының өңірлік кадр резервіне 15 азамат алынады. Өңірлік резервте болу мерзімі - 2 жылды құрайды және жергілікті атқарушы органдарда «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына конкурстық іріктеусіз орнала-са алады.

Қобылан МАНАП,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің басшысы.

2024 жылғы 22 қаңтарда ауылдық округ әкімі аппаратының бас маман - іс - жүргізушісі М.Б.Төлегенов халықпен кездесу өткізді, оның мақсаты электрондық мемлекеттік қызметтерді насихаттау болды. Тұрғындарға «өзіне-өзі қызмет көрсету секторы арқылы да, үйден шықпай-ақ мемлекеттік қызметтерді алу үшін ЭЦҚ алу қажеттігі туралы жеткізілді. Түсіндіру электрондық үкімет және электрондық қызметтер, э л е к т р о н д ы қ - ц и ф р л ы қ қолтаңбаны қашықтан алу, бір реттік пароль арқылы қызметтерді алу сияқты тақырыптарға жүргізілді.

Мемлекеттік қызмет - көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға бағытталған мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі.

Қарашылық ауылдық округінде әкім аппараты жұмысының ажырамас бөлігі және басты бөлігі мемлекеттік қызмет көрсету болып табылады.

Мемлекеттік қызметтер қатарына: жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру, елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беру және басқалар кіреді.

Барлық көрсетілетін мемлекеттік қызметтер белгіленген мерзімде уақтылы орындалады және тегін негізде көрсетіледі.

Электрондық мемлекеттік қызметтерді насихаттау

Ауылдық округте ең көп талап етілетін қызмет «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу» болып табылады.

Халықтың мемлекеттік қызметтерге қолжетімділігін арттыру мақсатында әкім аппаратында өзіне-өзі қызмет көрсету секторы жұмыс істейді. Қажет болған жағдайда аппарат мамандары порталды пай-

далану бойынша азаматтардың туындаған сұрақтарына жауап береді, электрондық цифрлық қолтаңба болған кезде көрсетілетін қызметтерді алу туралы ақпарат береді.

Компьютермен жұмыс тәжірибесі жоқ азаматтар электрондық үкімет порталы арқылы өз бетінше пайдаланушыларға көмек көрсетіледі. Оларға үйден шықпай-ақ барлық мемлекеттік қызметтерді алуға мүмкіндік береді.

Халыққа мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша ақпарат беру және қол жетімділік мақсатында мемлекеттік мекеме ғимаратында көрнекі ақпарат бар стенд орналастырылған (көрсетілетін қызметтер тізімі, өтініш үлгілері, шағымдар журналы).

Округте мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша халықты ақпараттандыру бойынша тұрақты түрде түсіндірме әңгімелер, дөңгелек үстелдер және осы тақырып бойынша ауылдық жиындарда брошюралар мен парақшалар берумен жұмыстары жүргізіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша шағымдар түскен жоқ.

Мемлекеттік қызметтерді алу туралы барлық қызықтырған сұрақтарға жауаптарды мына телефондар арқылы ала аласыз: 8(728)32 50092 Жетісу облысы, Ақсу ауданы әкімдігінің «Қарашылық ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, Сағабүйен ауылы, Қабанбай батыр көшесі, №39.

Мақсат ТӨЛЕГЕН,
Қарашылық ауылдық округінің бас маман - іс - жүргізушісі.

Жетісу облысы бойынша әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры медициналық ұйымдарға 12,7 млрд. теңгеден астам сомаға аванстық төлем жасады



"ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ" КЕАҚ ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫ

Жетісу облысы бойынша әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры медициналық ұйымдарға 12,7 млрд. теңгеден астам сомаға аванстық төлем жасады. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры 2024 жылға арналған медициналық қызметтерді орналастыру рәсімін аяқтады. Оның қорытындысы бойынша Жетісу облысы бойынша өнім жеткізушілер арасында 76 млрд. теңге көлемінде қаражат бөлінді. 2024 жылдың 31 қаңтарындағы жағдай бойынша Қордың Жетісу облысы бойынша филиалы медициналық көмек көрсетуге 76 млрд. теңгеден астам сомаға 58 денсаулық сақтау саласының субъектілерімен келісімшартқа қол қойды. Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-291/2020 бұйрығына сәйкес барлық субъектілер 12,7 млрд. теңгеден астам сомаға аванстық төлемді алып отыр. Мәселен, биыл медициналық қызмет жоспары бойынша медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру

пакетінде 77 млрд. теңгеден астам қаражат, соның 33,9 млрд. теңгеден астамы МӘМС бойынша қарастырылған. 2023 жылмен салыстырғанда МӘМС жүйесіндегі шығыстар 9%-ға өсті. Салыстырар болсақ, 2023 жылғы сатып алу жоспары 76 млрд. теңгені құрады, оның ішінде МӘМС шеңберінде 31 млрд. теңге. Стационарлық көмекке шамамен 28 млрд. теңге, алғашқы медициналық-санитарлық көмекке (МСАК) 21 млрд. теңге, консультациялық-диагностикалық көмекке шамамен 11 млрд. теңге, амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге 6,6 млрд. теңге, онкологиялық көмекке 3 млрд. теңге, жедел медициналық көмекке шамамен 3,7 млрд. теңге, жоғары технологиялық медициналық көмекке 3 млрд. теңгеден астам және медициналық оңалтуға 2 млрд. теңге қаражат бағыттау жоспарланып отыр. Айта кетейік, 2024 жылы Денсаулық сақтау субъектілерінен қызметтерді сатып алу қағидасына бірқатар өзгеріс енгізілген болатын. Өңірлік комиссиялардың құрамы күшейтіліп, онда төрағаның орынбасары бо-

лып денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары лауазымынан төмен емес өкіл белгіленіп, сондай-ақ санитариялық-эпидемиологиялық бақылау (СЭБК) және медициналық және фармацевтикалық бақылау (МФБК) комитеттерінің өкілдері енгізілді.

Сонымен бірге қағидаға комиссия мүшелерінің бұған дейін өтінім берген көмек түрлеріне келісімшарт жасалмаған денсаулық сақтау субъектілеріне баруы қосылып отыр. Қор филиалына өнім жеткізуші жаңа 4 өтінім берілсе, олардың ішінде өңірлік комиссиялар сатып алу рәсімдерін өткізу барысында 3 денсаулық сақтау субъектісіне барды.

Саны 1,5 мың адамнан кем бастапқы медициналық-санитариялық көмек субъектілерінің қызметтерін сатып алуға қатысу үшін және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде 3 мың адамнан аз халқы бар бір жылдан астам қызмет көрсету тәжірибесі бар МСАК субъектілері үшін шектеулер енгізілді (бұл жалпы практика дәрігерінің/отбасылық дәрігердің кемінде екі учаскесі).

Айта кетейік, ОМС жүйесін енгізу азаматтарға медициналық көмек көрсетуге жеке өнім берушілерді де тартуға мүмкіндік берді. Осылайша, МӘМС клиникалардың пациент үшін бәсекелестігін ынталандырады. Пациенттің белгілі бір медициналық қызметті қайдан алуға болатындығын таңдау мүмкіндігі пайда болғандықтан, медициналық ұйымдар адамдарды тарта алуы үшін жақсырақ жағдай жасап, қызметті жетілдіруі керек.

Қордың өнім жеткізушілерінің тізімін fms.kz сайтының «Медициналық қызметтерді сатып алу» бөлімінен табуға болады.

«ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ» КЕАҚ ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫ.



Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі аясында және МӘМС жүйесінде халыққа медициналық көмектің сапасы, қолжетімділігі

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы (бұдан әрі - Қор) 18.01.2024 ж. «Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі аясында және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде халыққа медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін жоғарылату мәселелері» бойынша Өңірлік штаб отырысының №1 Хаттамасының орындалуын қамтамасыз ету мақсатында, халықты міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесімен (бұдан әрі - МӘМС) қамтуды арттыру үшін, МӘМС жүйесінде сақтандыру мәртебесінің артықшылықтары туралы, МӘМС үшін төлемнің тәртібі, төсілдері, уақытылы төленуі және басқа да МӘМС бойынша өзекті аудио және бейнематериалдарды, сыртқы жарнама үшін ақпараттық материалдарды халық көп жиналатын орындарда (қоғамдық кәсіпкерлер, ХҚКО, LED-экрандар, баннерлер, билбордтар) ротациялау, облыстық және аудандық деңгейдегі баспа басылымдарында, сондай-ақ қалалар мен аудандық маңызы бар әкімдіктердің әлеуметтік парақшаларында, интернет-ресурстарында, жергілікті қоғамдық пікір көшбасшыларының, блогерлердің әлеуметтік желідегі парақшаларында МӘМС бойынша ақпараттық материалдарды орналастыруға жәрдем көрсетуіңізді сұрайды.

Жарияланымдарды орналастыруға арналған ақпараттық материалдар Қордың: https://www.instagram.com/msqory_kz/, https://www.instagram.com/msqory_jetisu/, <https://t.me/QoldauInfo>, <https://fms.kz/press-center/press-relizy/> - интернет ресурстарында қолжетімді.

Осы хатты қарау нәтижелері туралы заңнамада белгіленген мерзімде хабарлауды сұраймыз.

Қосымша:
1. 2024 жылға МӘМС төлемдері бойынша инфографика (2 тілде);
2. 2024 жылға МӘМС бойынша жадынама;

Директор

И.САМОЙЛЕНКО

"Қауіпсіз жол" жедел профилактикалық іс - шарасы



Матай стансасының ЖПБ қызметкерлерімен 2024 жылдың ақпан айының 05 - 29 күндері аралығында «Қауіпсіз жол» жедел профилактикалық іс - шарасы жүргізу барысында, қызмет көрсету аумақта теміржол жұмысшыларымен және станция тұрғындарымен кездесулер өткізілуде. Мақсаты - теміржол көлігінде жазатайым оқиғалардың, адамдарды басып кетпеу және

теміржол жүйесін бекітілген жерлерден өту, жолаушылар пойыздардың өйнектерінен сындырудың және құқық бұзушылықтың алдын алу. Сонымен қатар теміржол маңында мал бағу ережелерін түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.
А.НЕСІПҚАЛИЕВ,
Үштөбе ст.ЖПБ Матай ст.ЖПБ бастығы, полиция аға лейтенанты.

«БЕКІТЕМІН»
Ақсу ауданының ішкі саясат бөлімінің басшысы Н.Н.Қасымбеков.
« 5 » қаңтар 2024 жыл.

«АҚСУ ӨҢІРІ» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ ТӨМЕНДЕ КӨРСЕТІЛГЕН БАҒА КӨРСЕТКІШІ БОЙЫНША АҚЫЛЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ:

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН:
- Жеке тұлғалар үшін жарнама беру 1 бетке – берілмейді;
- Басқа беттерге – 100 теңге, оның ішінде ҚҚС;
Басқа да қызмет түрлері бойынша (сату, сатып алу, құжаттың жоғалуын, мекеменің жабылуын хабарлау және тағы басқалар) – 1 сөз 100 теңге
- Құттықтау, алғыс айту – 2500 – 3000 теңге, оның ішінде ҚҚС;
- Еске алу, асқа шақыру 2000 – 2500 теңге, оның ішінде ҚҚС;

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН:
- Заңды тұлғалар үшін жарнама беру 1 бетке - берілмейді;
Заңды тұлғалар, мемлекеттік мекемелер үшін 1 кв.см – 200 теңге, оның ішінде ҚҚС;
Басқа да қызмет түрлері бойынша (сату, сатып алу, құжаттың жоғалуын, мекеменің жабылуын хабарлау және тағы басқалар) – 1 сөз – 200 теңге.
- Құттықтау, алғыс айту – 3500 – 5550 теңге, оның ішінде ҚҚС;
- Еске алу, асқа шақыру – 3500 – 4500 теңге, оның ішінде ҚҚС;

Л.ҚАСЫМБЕКОВА,
«Ақсу өңірі» ЖШС – нің директор – бас редакторы.

2024 жылға арналған МӘМС төлемдері

- ▶ Жұмыс беруші қызметкері үшін жалақы деңгейінің 3%-ын төлейді
Аударымның ең жоғары сомасы 10 ЕТЖ-ның 3% - 25 500 теңгеден аспауы тиіс
2024 жылы ең төменгі жалақы 85 000 теңгені құрайды
- ▶ Қызметкерлер және АҚС шарты бойынша табыс табатындар өз табысының 2% төлейді (ең жоғары төлем 17 000 тт. аспауы керек - 10 ЕТЖ -нің 2%)
- ▶ ЖК және жеке практикамен айналысатын азаматтар - 1 ЕТЖ 1,4 еселенген мөлшерінің 5%-ы немесе 5 950 теңге төлейді (85 000*1,4)*5%=5 950 тт.
- ▶ Дербес төлеушілер 4 250 теңге (1 ЕТЖ-ның 5%) төлейді
- ▶ БЖТ:
БЖТ - кәсіпкерлік қызметті ЖК ретінде тіркеусіз жүзеге асыратын бейресми жұмыспен қамтылған азаматтар үшін уақытыша 5 жылға (2019 жылғы 1 қаңтардан 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін) енгізілді. 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап БЖТ болмайды.

Жұмыс берушілер МӘМС-ке мына санаттарға төлем жасайды:
- балалар
- зейнетақы төлемдерін алушылар
- мүгедектер
- күндізгі бөлімде оқытқындар
- көп балалы аналар, «Алтын алқа» марапаты иелері, «Күміс алқа» және «Батыр ана» марапаты иелері, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталғандар

МӘМС-ке қайда төлеуге болады?
- екінші деңгейлі банктер және олардың интернет-сервистері мен мобильді қосымшалары
- «Қазпошта» АҚ бөлімшелері
- төлем терминалдары (QIWI, Kassa24, т. б.)

2023 жылғы
кезедер үшін төлемдер 2023 жылы қолданыста болған сомалар бойынша төленеді

Құттықтаймыз!



Жансүгіров ауылының тұрғындары, сүйікті Анамыз бен ақылшы, асқар тау Әкеміз **Абсематов Арғын** 20 желтоқсанда 69 жасқа толса, анамыз **Стамбекова Торғын Сатыбалдықызы** 2 ақпанда 65 жасқа толған туған күндерімен шын жүректен құттықтаймыз.

Адамгершілігімен, азаматтық іс-әрекетімен айналасына қадірлі болған, кісілік пен кішілік нұры тұла бойынан төгіліп тұрған Сіздей ардақты Әкемізді әрдайым мақтанш етеміз! Анадан қымбат дүниеде ештеңе, ешкім жоқ. Тал бесікке бөлеген сәттен бастап осы күнге жеткізген өзіңізге алғыс айтамыз. Адам етіп тәрбиелегендеріңізге шүкіршілік айтамыз. Аналық бақытқа кенеліп, айналаңызға нұрыңызды шашып жүре беріңіз!

Бір әулеттің шаңырағын биіктетіп, отын тұтатқан, шамшырағымыз, отбасымыздың алтын мүшесі – анамыз. Бұл жасқа жетіп, өз көркем болмысын жоғалтпай, жақындарына сыйлы боп отырғаныңыз абыройыңыздың белгісі. Мәңгілік тән мен жан жастығы бұйырсын, Сіздерге Әке - Ана! Анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды. Өз бақытын, қуанышын өзі өмірге әкелген перзенттеріңіз қылығынан, қызығынан іздейтін Әке - Ана! Сіздерге әлемдегі бар жақсы тілекті үйіп-төксеңіз де аз. Алла Сіздерге ең алдымен мықты денсаулық берсін!

Біз Сіздерменен мақтанамыз, марқаймыз! Ең тамаша сөз бұл өмірде «Әке» деген, Суыққа бір шалдырмай мәпелеген. Өмірдің соқпағымен ерге тартып, Алдымен адам бол деп жетелеген. Тағдырдың кеуде тосып жартасына, Біз үшін түскен майдан ортасына. Алаңсыз сауық-сайран, шалқып жүрміз, Біз бүгін әкелердің арқасында. Әкешім, жүреміз біз бір өзіңді арқаланып, Жетеді жақсы ісің жұрт тамсанарлық. Жүзге жет жүзің жарқын, денің сау боп, Оны да аман-есен қарсы алалық. Батыр да туған анадан, ақын да туған анадан, Ананың биік тұғыры - анадан туған бар адам. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) Ананы құрмет санаған, Анаға мәңгі борыштар елдегі барлық дана адам.

ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАР: қыздары – күйеубалалары – **Балжан – Мұрат, Айдана – Ержан, Арайлым, ұлдары – келіндері – Бауыржан – Ләззат, Ержан – Гүлнара, Ерлан – Айжан, Әскен – Жанар, немерелері – Дилназ, Алуа, Кәусар, Ерасыл, Раяна, Азиза, Азамат, Гүлдана, Дамир, Дарын, Дінмұхамед, Арайлым, Балауса, Расул, Ернар, Ернұр, Аяла, Нұрым, Темірлан, Арман, Томирис.**

Есеболатов ауылының тұрғыны, асқар таудай асыл ағамыз, алтындай үш қыздың әкесі **Баймұхамбетов Әбіш Сымханұлы** асқарлы 60 жасқа толып отыр.

Бауыр — адамның бойындағы ауыстыруға келмейтін ең нәзік мүше екен. Сол секілді туған бауырларымды ешкім де алмастыра алмайтынын, олардың өзіндік орны бар екенін жақсы түсінеміз.

Ағатайым, бүгінгі туған күніңіз құтты болсын! Бізге қалай демеу болып, жанымызды қаншалықты түсіне білсеңіз, Сізге де дәл осындай қарым - қатынас танытар сүйікті жарыңыз Гүлжан жеңгем екеуіңізге өмірдегі бар жақсылықты тілейміз. Зор денсаулық пен мол махаббат бүгінде жаттанды тілекке айналып кетсе де, Сізге ең бірінші кезекте осыларды тілейміз. Үлкендер айтқандай, адамді биіктерге жетелейтін қос қанаты — сүйікті ісі мен сүйікті адамы болады. Алдағы уақытта Сізді биік шыңдардан көру үшін осы қос қанатыңыздың талмай самғауына тілектеспіз.

Құтты болсын қуанышты күніңіз, Бақытты боп шаттық өмір сүріңіз. Алпыстың да асқарына жеттіңіз, Енді жүзге құлаш сермеп шығыңыз.

Мереке күн нұрға толсын жүзіңіз, Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз, Бала - шаға қызығына кенеліп, Ортамызда аман - есен жүріңіз!

ІЗГІ ТІЛЕКПЕН: ағайын - туыс, бала - шағасының атынан бауыры - Ербол, келіні - Шынар.

Су тасқыны кезіндегі қауіпсіздік шаралары мен қорғану жолдары

Су тасқыны дегеніміз – өзендегі судың көтеріліп, қардың еріп, желдің қатты соғуынан өзеннің тасуы немесе сел жүру кезінде кейбір елді мекендердегі су басуы. Су тасқынының келтіретін зардаптарының қатарына үйлер мен ғимараттардың, көпірлердің қирауын, темір жолдар мен автокөлік жолдарын су шайып, инженерлік желілердегі апат, тұрғындар арасындағы зардап шегушілер мен жан - жануардың қырылуы сынды оқиғаларды жатқызуға болады. Су тасқыны кезінде жұмыс орындары мен пәтерлерде радио желісі тәулік бойы жұмыс атқарып, электро дабылқаққыш (сирена) дабылы дабыл сигналын беруге дайын тұруға тиісті, себебі, тұрғындар алды-ала хабардар болуы керек. Хабарландыру сигналдары, эвакуация жасау шаралары мен ережелерімен танысып, соған алдын ала дайын болыңыз.

Су тасқыны қауіпі туындаған жағдайдағы іс - әрекеттерінің: төтенше жағдайлар мен іс-әрекет жөніндегі нұсқаулықтар мен ақпараттарды мұқият тыңдаңыз, телефон желісін қажетінсіз қолданбаңыз, Сізбен байланысар кезінде желі бос болуы керек. Жасанды және электро дабылқаққыш іске қосылған кезде қауіпсіз орындарға жиналу. Сабырлық сақтап, көршілерге ескертіңіз, мүгедектерге, балаларға және де егде жастағы адамдарға көмек көрсетіңіз. Құжаттарыңызды, киім, қажет заттарыңызды, бірнеше күнге арналған тамақтар мен дәрі-дәрмектерді дайындаңыз. Барлығын бір шабаданға жинаңыз. Құжаттарды су өткізбейтін пакеттерде сақтаңыз. Электрлік тоқтарды тоқ кезінен ажыратып, газды жабыңыз. Бағалы заттарыңыз бен азық-түлік өнімдерін жоғары бөлікке көтеріп қойыңыз, есік-терезені жабыңыз. Көмек келгенше үйдің төбесінде, ағаш басында немесе қауіпсіз орындарда болыңыз, құтқарушыларға белгі беріңіз, сізді тезірек тауып алуына мүмкіндік жасаңыз. Айналаңызда зардап шегушілер жоғына көз жеткізіңіз, болған жағдайда шамаңыз келгенше көмек қолын созуға тырысыңыз. Көмек келгенше жоғарғы қабаттарда, төбелерде, ағаш немесе басқа да жоғарылықта болыңыз, мүмкін болса ұялы телефонмен хабарласыңыз, құтқарушыларға Сізді мүмкіндігінше тез табу үшін белгі беріңіз.

Аумақты су басу қауіпін байқаған кезде ТЖ қызметінің 112, 101 нөмірі бойынша қоңырау соғып, хабарлау қажет. Есіңізде болсын, қауіпсіздік ережелерін сақтау арқылы өзіңіз бен жақындарыңыздың өмірін арашалап қалу мүмкіндігіңіз көбейеді.

Арасан ауылдық округіне қарасты Арасан ауылының орталық бөлігіне электро дабылқаққыш (сирена) орнатылған. Ауыл тұрғындарына оқу-жаттығу тоқсан сайын өткізіледі және халық одан толық хабардар. Арасан ауылында ерт сөндіру бекеті жұмыс істейді. Онда штаттық төрт қызметкер жұмыспен қамтылған, контейнер толық құрал-саймандармен жабдықталған. Қызметкерлер тәулік бойы кезекшілік атқарып ауданмен тығыз байланыста отырады. Арасан ауылдық округі әкім аппараты қызметкерлері мен Арасан ерт сөндіру бекеті қызметкерлері арасында тығыз байланыс бар, біздер өзара ай сайын жоспарға сәйкес жиналыстар өткізіп, округ аумағын аралап, су өткізгіш құбырлар мен көпірлерді тексеріп, сонымен қатар қауіпті учаскелердің бар - жоғын қадағалап, анализдер жасап отырамыз. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Ержан СЕЙІТҚАЗЫ,
Арасан ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

Хабарландыру!

20.02.2024 ж. бастап 10 күн жұмыс ішінде БЭП сайтында <http://ecorportal.kz/> Жетісу облысының Ақсу ауданында орналасқан "Арасан-тас" учаскесінде жер қойнауын пайдалану салдарын жою жоспарына "Қоршаған ортаны қорғау" бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: "Данила Мастер КЗ (Daniila Master KZ)" ЖШС, БСН 161040013263, мекен-жайы: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Жургенев көшесі, 57 үй, 2 пәтер. Тел.: 87772886074, bak-1958@mail.ru. Жоба материалдарымен ecorportal.kz сайтында танысуға болады.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: Р.А.Құрманғалиев, ЖСН 830514301679, тел.: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

Ұсыныстар мен ескертулер ecorportal.kz сайтында қабылданады.

"Жетісу облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы" ММ 7su.expertiza@mail.ru. Тел. 8(7282) 32-92-67, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26.

Аудандағы облыстық жарыс



Аудан орталығы І.Жансүгіров ауылындағы спорт кешенінде грек - рим, еркін және қыздар күресінен 2007-2008 жылдары туылған жасөспірімдер арасында Жетісу облысының чемпионаты бастау алды.

Ашылу салтанатына арнайы Ақсу ауданы әкімінің орынбасары Күләйхан Тұрсынбекқызы Дәулетбекова, Жетісу облысы бұқаралық спорттық

іс - шараларды ұйымдастыру орталығының директоры Рүстем Жарқынбайұлы Қалиев, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Тартысты додада 2 күн бойы 8 аудан, 2 қаладан келген 150 ден астам палуан, 10 салмақ дәрежесінде бақ сынасты.

Нәтижесінде біздің ауданымыздың спортшылары Алдаберген Аяжан, Маратова Алима және Бигали Рауан

жүлделі І орынды иеленсе, Серік Заңғар, Бимолда Өркен және Жамала Баймырза II орынды, Мұрат Алпамыс, Абылғазы Ерғазы, Бимұхамбет Әділет және Еркін Ертіс III орынды иеленді.

Асхат САУҒАНБАЕВ,
аудандық бұқаралық спорттық іс - шараларды ұйымдастыру орталығының директоры.

Скакбаева Анар Орысхановнаның атына Жансүгіров көшесі №9-11 дүкенге 2008 жылы 4 тамызда берілген №0012483 арақ лицензиясы жоғалғандығы туралы хабарлаймыз.

Объявление!

С 20.02.2024г в течении 10 рабочих дней на сайте ЕЭП <http://ecorportal.kz/> проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации последствий недропользования на участке «Арасан-тас», расположенный в Аксуском районе области Жетісу.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Данила Мастер КЗ (Daniila Master KZ)», БИН 161040013263, адрес: г.Алматы, Медеуский район, улица Жургенева, дом 57, кв. 2. Тел.: 87772886074, bak-1958@mail.ru. Ознакомится с материалами проекта можно на сайте ecorportal.kz.

Разработчик экологического проекта ИП «Құрманғалиев Р.А.», ИИН 830514301679, тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

Предложения и замечания принимаются на сайте ecorportal.kz.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», 7su_expertiza@mail.ru. Тел.: 8(7282) 32-92-67, г.Талдықорған, ул.Кабанбай батыра, 26.

"АҚСУ Өңірі"
Меншік иесі - ЖШС
"Ақсу өңірі" газеті
Құрылтайшы, директор -
бас редакторы
ҚАСЫМБЕКОВА
ЛӘЗЗАТ
ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күәлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5 "В", аудандық әкімшілік үйінде
Тапсырыс 488
Осы шығарылымның таралымы 2501

Директор - бас редактор - 2-12-90, жауапты хатшы - 2-12-90.
Электрондық пошта: aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты aksuoniri.kz
Индекс: 66750
Оффсеттік басылым көлемі 26 т.